



ПРЕСС-РЕЛИЗ

22 сентября 2011 г.

г. Астана

Национальная компания «КазМунайГаз» и Китайская Национальная нефтехимическая корпорация Sinopec Group подписали Меморандум о взаимопонимании

22 сентября т.г. в г. Астана председатель Правления АО НК «КазМунайГаз» Кайргельды Кабылдин и Президент корпорации Sinopec Group Ван Тяньпу подписали Меморандум о взаимопонимании.

В соответствии с Меморандумом, стороны выразили намерение развивать сотрудничество в Казахстане или в третьих странах по следующим направлениям: разведка и добыча нефти, переработка газа, нефтепереработка и нефтехимия, инжиниринговые и технические услуги, информационные технологии.

Как известно, НК КМГ и корпорация Sinopec Group совместно осуществляют модернизацию Атырауского нефтеперерабатывающего завода. В сентябре 2009 года компания Sinopec Engineering (дочерняя компания Sinopec Group) выиграла тендер на строительство комплекса по производству ароматических углеводородов на Атырауском НПЗ.

Справочно:

Sinopec Group - китайская национальная нефтехимическая корпорация, образовавшаяся на основе Китайского национального агентства нефтехимической промышленности, является государственным предприятием со 100%-ным государственным капиталом. Корпорация Sinopec Group является крупнейшей в Китае интегрированной энергохимической компанией. С 2011 года она занимает 5-ое место в списке 500 крупнейших предприятий мира по рейтингу журнала «Форчун». Она также является крупнейшим в Китае производителем и поставщиком нефтяной и нефтехимической продукции, крупнейшим импортером нефти и вторым производителем углеводородного сырья.

АО «Национальная компания «КазМунайГаз» - казахстанский национальный оператор по разведке, добыче, переработке и транспортировке углеводородов, представляющий интересы государства в нефтегазовой отрасли Казахстана. 100 процентов акций АО НК «КазМунайГаз» принадлежит АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына».

Қоғаммен байланыс қызметі	Служба по связям с общественностью	Public Relations Division
АО «Национальная компания «КазМунайГаз»	Республика Казахстан, 010000, г. Астана, пр. Кабанбай батыра, 19 тел. +7 (7172) 976340, факс: +7 (7172) 976329 www.kmg.kz	

**«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы мен Қытайдың Sinopac Group
мұнай-химия корпорациясы өзара түсіністік туралы
Меморандумға қол қойды**

Ағымдағы жылдың 22 қыркүйегінде Астана қаласында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының төрағасы Қайыргелді Қабылдин мен Sinopac Group корпорациясының Президенті Ван Тяньпу өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойды.

Меморандумға сәйкес, тараптар Қазақстанда немесе үшінші елдерде: мұнай барлау және өндіру, газ өңдеу, мұнай өңдеу және мұнай химиясы, инжинирингтік және техникалық қызметтер, ақпараттық технологиялар және басқа да бағыттар бойынша ынтымақтастықты дамытуға деген ниеттерін білдірді.

ҚМГ ҰК мен Sinopac Group корпорациясы Атырау мұнай өңдеу заводын жаңарту жобасын бірлесіп жүзеге асыруда. 2009 жылдың қыркүйегінде Sinopac Engineering (Sinopac Group-тың еншілес кәсіпорны) Атырау мұнай өңдеу заводында хош иісті көмірсутектерін өндіретін кешеннің құрылысын салуға арналған тендерді жеңіп алған болатын.

Анықтама:

Sinopac Group – Қытай мұнай-химия өнеркәсібі ұлттық агенттігінің негізінде құрылған ұлттық мұнай-химия корпорациясы. Корпорация - 100% мемлекеттік капиталы бар кәсіпорын. Sinopac Group - Қытайдағы интеграцияланған ірі энергохимия компаниясы. 2011 жылдан бері корпорация «Форчун» журналының рейтингі бойынша әлемдегі 500 ірі кәсіпорынның тізімінен бесінші орынды иеленген. Сонымен қатар Sinopac Group Қытайдағы мұнай және мұнай-химия өнімдерін шығаратын ірі өндіруші, ірі мұнай импортері болып табылады. Корпорация Қытайдағы көмірсутегін өндіретін екінші кәсіпорын.

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ – Қазақстанның мұнай-газ саласындағы мемлекеттің мүдделерін білдіретін көмірсутегілерін барлау, өндіру, өңдеу және тасымалдау, жөніндегі қазақстандық ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларының 100%-і «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-қа тиесілі.

Қоғаммен байланыс қызметі	Служба по связям с общественностью	Public Relations Division
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 19 тел. +7 (7172) 976340, факс: +7 (7172) 976329 www.kmg.kz	